

*«ҚР Президентінің Мәжілісте сөз сөйлеу барысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» мәселе бойынша Үкімет отырысына арналған ҚРҰБ Төрағасының тезистері, 2022 жылғы 12 қаңтар*

## **Құрметті Әлихан Асханұлы!**

Биылғы жылғы 11 қаңтарда Мәжілісте сөз сөйлеу барысында жария етілген Мемлекет Басшысының тапсырмаларын іске асыру үшін Ұлттық Банк **негізгі үш бағыт** бойынша шаралар қабылдайтын болады.

**Бірінші – инфляцияны 2025 жылы 3-4% орта мерзімді таргетке дейін төмендету.**

Бұған дейін 2021 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкіметпен бірлесіп жылдық инфляцияны **8,4%-ке** дейін төмендетуге мүмкіндік берген Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешенін іске асыру басталды.

Бұл ретте аталған деңгей **жоғары** деңгейге жатады және ақша-кредит саясатының **тиімділігін шектейді** деп есептеймін. Осыған байланысты Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді ескере отырып, бағаның өсуімен күресуге бағытталған, 2022 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған **Инфляцияны бақылау жөніндегі шаралар кешені** қабылданатын болады.

1. 2021 жылдың қорытындысы бойынша **азық-түлік** бағасының өсуі инфляцияға қосқан **үлестің жартысын** иеленді. Ол инфляцияның **жоғары құбылмалылығының** басты факторына айналды. Сол себепті кеше Мемлекет

басшысы Үкімет пен әкімдер үшін **жуырдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі** мәселесін шешуді **негізгі басымдық** ретінде белгіледі. Ол осы мәселені шешпей, ешқандай шаралар **инфляцияны тұрақтандыруға** көмектесе алмайтынын атап өтті. Ұлттық Банк әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен ғана жұмыс жүргізбей, инфляцияға өзінің **елеулі үлесін** қосатын басқа да тамақ өнімдері бойынша жұмыс жүргізілуі тиіс деп есептейді.

2. Биылғы жылғы 1-жартыжылдықта Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша енгізілген жекелеген тауарлар мен қызметтердің **бағаларын** 180 күн мерзіміне **уақытша реттеу** бағаны **тұрақтандыруға** оң әсер етеді.

Алайда, біз реттеуді алып тастағаннан кейін **бағаның бірден өсіп кетуіне** жол бермеу мақсатында бәсекелестікті дамыту және шамадан тыс делдалдықты жою арқылы **нарықтық қағидаттарды** енгізу және «осал тұстардың» орнын толтыру үшін осы берілген уақытты пайдаланып қалуымыз керек, өйткені өнім шығарушылар шығынға ұшырау үшін жұмыс істемейді.

Бірлескен шараларымызды **табысты түрде іске асыру** және ақша-кредит саясатының **тиімділігін арттыру** Мемлекет басшысы алға қойған мақсатқа қол жеткізу үшін инфляцияны **2025** жылға таман **3-4%** дәлізінде тұрақтандыруға және орнықтыруға мүмкіндік береді.

**Екінші – қаржылық тұрақтылықты, әсіресе валюта нарығындағы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету.**

1. Қаржы жүйесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк мынадай **шұғыл шаралар** қабылдады.

Биылғы жылғы 7 қаңтардан бастап **бүкіл ел** бойынша екінші деңгейдегі банктердің **онлайн сервистеріне** кіру кезең-кезеңімен **қалпына келтірілді**. Бүгіннен бастап Алматы қаласы мен Алматы облысын қоса алғанда, банктерді **қолма-қол ақша қаражатымен** және қолма-қол ақша беру үшін **банкоматтардың жұмысын қамтамасыз ету** бойынша шаралар қабылданды.

Биылғы жылғы 10 қаңтардан бастап қаржы секторы мен мемлекеттік бюджеттің теңгедегі төлемдерін жүргізу үшін Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығының төлем жүйелері штаттық режимде жұмыс істеуде.

Банк жүйесінің **өтімділігін қолдау** мақсатында Қазақстан қор биржасында репо операциялары арқылы теңгедегі өтімділікті ұсыну операциялары **шектеусіз көлемде** жүргізілуде.

2. Мемлекет басшысы кеше **валюта нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етпей орнықты экономикалық өсудің** мүмкін еместігін атап өтті.

Бүгін Қазақстан қор биржасының **валюта алаңындағы сауда-саттық** және **халықаралық төлемдер мен аударымдарды** жүргізу қалпына келтірілуде.

Теңгеге алыпсатарлық қысым көрсетуге жол бермеу мақсатында Ұлттық Банк қажеттілігіне қарай валюталық интервенциялар жүргізу арқылы **валюта нарығындағы балансты қамтамасыз етеді.**

Жоғарыда көрсетілген шаралар топтамасын табысты іске асыру нарықтың ішкі және сыртқы қатысушыларының тарапынан ұлттық валютаға деген **сенімді қалпына келтіруді** қамтамасыз етуі тиіс.

**Үшінші бағыт капиталды негізсіз шығаруға қарсы іс-қимыл** болып табылады.

Мемлекет басшысы төтенше жағдай режимінің енгізілуіне байланысты **капиталды** шетелге шығару, оның ішінде жалған мәмілелер жасау арқылы **шетелге шығару тәуекелінің** үдей түскенін атап өтті.

Осыған байланысты биылғы жылғы **10 қаңтарда** Ұлттық Банк Қаржылық мониторинг агенттігімен және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесе отырып елден **заңсыз ақша шығаруға бақылауды күшейту** бойынша бірлескен бұйрық **қабылдады.**

Жоғарыда аталған бұйрыққа сәйкес операциялар жүргізуге арналған өтінімдер бойынша **іс-қимылдар алгоритмі** қабылданды, сондай-ақ **күшейтілген қаржылық мониторинг** жүргізілуі тиіс **трансшекаралық операциялардың тізбесі** бекітілді. Талаптар айқын бұзылған жағдайда, мұндай операциялар жедел тоқтатылатын болады.

Қабылданып жатқан шаралар ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің **ең үздік әлемдік практикасына** негізделеді және **КҮС** (know your client) қағидаттарын толыққанды енгізеді.

Бұл капиталдың трансшекаралық ағындарының **барынша** айқындылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Резиденттер мен бейрезиденттерді қоса алғанда, сыртқы экономикалық қызметтің **адал** қатысушылары мен инвесторлардың халықаралық операциялар жүргізу кезінде өз құқықтарына **қысым жасалмайтынын және шектеу қойылмайтынын** растағым келеді.

**Назарларыңызға рақмет!**